

ӘОЖ 378.2; МҒТАР 14.07.01

<https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-0686.24>

Қ.Т. АТЕМОВА¹, Д.Т. ДАДАШОВ²✉

¹педагогика ғылымдарының докторы,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: kalipa_atemova@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-3864-1431>

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы

(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: dadash.79@mail.ru

БҮГІНГІ ЖАСТАРДЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУЫНА ЫҚПАЛ ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

Аңдатпа. Бүгінгі күні болашақ мамандарға деген талап күн санап артып келеді. Өйткені, қоғамның дамуы жаһандық дамудың талаптарына сай жетілуді қажетсінеді. Бәсекелестік пен қызметтік жетістіктер адам болмысының маңызды көрсеткіштеріне айналды. Сонымен қатар, адам баласының қоғамда өз орнын табуы мен соған сай тұрмыс кешуі оның тұрақты дамуының бір шарты іспетті болып отыр. Сондықтан, бүгінгі жастардың болашақ мамандығын таңдауы олардың өмірлік құндылықтарымен қатар өмір сүру қажеттіліктерімен де байланысты айқындалатын болды.

Мақаланың басты мақсаты бүгінгі жастардың мамандық таңдауына әсер етуші факторларды айқындау болып табылады. Сондықтан мақалада қазақ қоғамында ілгеріден қалыптасқан дәстүрлі көзқарастар мен мамандық таңдауға байланысты жарық көрген еңбектер мазмұнына талдаулар жасалып, бүгінгі көзқарастар мен мамандық таңдау тәсілдері салыстырылады. Жоғары оқу орнында оқып жүрген студенттерден сауалнамалар алу арқылы бүгінгі жастардың мамандықты таңдауына әсер еткен факторлар анықталып, тұжырымдалады. Респонденттердің берген жауаптарының әртүрлі болуына әсер еткен факторларды, көзқарастарының себептерін авторлар бүгінгі қоғам мен тұрмыстың қажеттіліктерімен байланысты түсіндіріп, негіздеуге тырысады.

Зерттеу нәтижелері диаграммалар арқылы тұжырымдалып, түйінді ой айтылады. Мақала соңында болашақ мамандық таңдауда ескеру тиімді деп саналатын құнды ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: жастар, мамандық, психологиялық ерекшелік, қазақ зиялыларының көзқарастары, қоғамға пайдалы маман.

К.Т. Atemova¹, D.T. Dadashov²

¹Doctor of Pedagogical Sciences,

Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University

(Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: kalipa_atemova@mail.ru

²Senior Lecturer of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: dadash.79@mail.ru

Influence Factors on the Choice of Modern Youth Profession

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Атемова Қ.Т., Дадашов Д.Т. Бүгінгі жастардың мамандық таңдауына ықпал етуші факторлар // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №2 (124). – Б. 290–299. <https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-0686.24>

*Cite us correctly:

Atemova Q.T., Dadashov D.T. Bugingi jastardyn mamandyq tandauyna yqpal etushi faktorlar [Influence Factors on the Choice of Modern Youth Profession] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2022. – №2 (124). – B. 290–299. <https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-0686.24>

Abstract. Today, the demand for future specialists is growing day by day. After all, the development of society requires improvement in accordance with the requirements of global development. Competition and career achievement have become important indicators of human nature. At the same time, a person's finding his place in society and the corresponding way of life will be one of the conditions for his sustainable development. Therefore, the choice of today's youth of a future profession will be determined not only by their life values, but also by their life needs.

The main purpose of this article is to identify factors influencing the choice of profession by modern youth. Therefore, the content of the article analyzes the traditional views of Kazakhstani society and the content of published works related to the choice of profession, and compares today's views and methods of choosing a profession. The questioning of university students makes it possible to identify and formulate the factors that influence the choice of a profession by today's youth. The factors that influenced the diversity of respondents' responses, the reasons for the multiplicity of views, the authors try to explain and justify in connection with the needs of modern society and everyday life.

The research results are summarized using diagrams and the main ideas are expressed. At the end of the article, valuable suggestions are given that are considered effective when choosing a future profession.

Keywords: youth, profession, psychological characteristics, views of the Kazakh intelligentsia, a useful specialist.

К.Т. Атемова¹, Д.Т. Дадашов²

¹доктор педагогических наук,

*профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Нур-Султан), e-mail: kalipa_atemova@mail.ru*

*²старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета
имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: dadash.79@mail.ru*

Влияющие факторы на выбор профессии современной молодежи

Аннотация. Сегодня спрос на будущих специалистов растет день за днем. Ведь развитие общества требует совершенствования в соответствии с требованиями глобального развития. Конкуренция и карьерные достижения стали важными индикаторами человеческой натуры. При этом нахождение человеком своего места в обществе и соответственного образа жизни является одним из условий его устойчивого развития. Поэтому выбор будущей профессии сегодняшней молодежи определяется не только их жизненными ценностями, но и жизненными потребностями.

Основной целью данной статьи является выявление факторов, влияющих на выбор профессии современной молодежи. Поэтому в статье анализируются традиционные взгляды казахстанского общества и содержание опубликованных работ, связанных с выбором профессии, и сравниваются сегодняшние взгляды и методы выбора профессии. Анкетирование студентов вузов позволяет выявить и сформулировать факторы, влияющие на выбор профессии современной молодежи. Факторы, повлиявшие на многообразие ответов респондентов, причины многочисленности взглядов авторы пытаются объяснить и обосновать в связи с потребностями современного общества и быта.

Результаты исследования обобщаются с помощью диаграмм и выражаются основные идеи. В конце статьи даются ценные предложения, которые считаются эффективными при выборе будущей профессии.

Ключевые слова: молодежь, профессия, психологические особенности, взгляды казахской интеллигенции, полезный специалист.

Кіріспе

Қоғамда кәсіби білікті маман даярлау мәселесі қашанда өзекті болып келген. Орта ғасырлардағы тарихи ғимараттар мен өнер туындыларына қарап көне дәуірден-ақ өз кәсібінің шеберіне деген сұраныстың жоғары болғанын аңғаруға болады. Ол үшін кәсіпті таңдауда қателеспеу және оны шебер меңгеріп жетілдіру диттеген мақсатына жеткізер еңбек болмақ.

Мамандық таңдауда қателеспеудің жолдары туралы қазақ қоғамында да көптеген пікірлер айтылып келген. Солардың қатарында қазақ зиялыларының мұралары таптырмас құнды идеяларға толы еңбек деуге болады. Атап айтқанда, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов сынды бір туар тұлғаларымыз маман даярлаудың ұлттық негіздерін айтып, қоғамдық мәнін ашып түсіндірген.

Ж. Аймауытов еңбегіндегі маманның кәсіби қалыптасуындағы маңызды факторлар туралы пікірі мен көзқарасы бүгінгі күні де өзекті. Ақын сол заманның өзінде кәсіп таңдау мен сол қызметтің аясында еңбек етудің халыққа тигізер пайдасының болуын заманмен және адамзат құндылықтарымен тікелей байланыстырады. Ақын көзқарасының дәл бүгінгі күн сұраныстары мен қайшылықтарына сай келіп жататын тұстары таңқалдырады.

Ж. Аймауытов қоғамда болып жатқан құбылыстарға талдау жасай отырып мамандыққа қатысты адамдардың таңдауы мен іс-әрекетінің нәтижесін олардың өз кәсіптеріне лайықты болу-болмауымен байланыстырады. Ж. Аймауытов әлеумет тұрғысындағы үлкен кемшіліктің бірі деп, әр адамның «өз орнында» қызмет етпеуі, - деп атап көрсетеді [1]. Сөйтіп, мамандықты дұрыс таңдамай еңбекке араласқан адамның қызметінің пайдалы тұстарынан көрі зиянының көбірек болатынын ескертеді. Оны мынадай пайымдаулары арқылы дәлелдейді: «Кісі іштен туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, кәсіпке, қызметке икем болады. Басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет яки зеректік тән болады. Бір бала оқытуға, біреу етік тігуге, біреу әкім болуға, біреу мал бағуға, біреу әскерлікке және сол сияқты әртүрлі кәсіптерге ыңғайланып жаралады. Өмірде түк жұмысқа икемі жоқ адам сирек болады. Кімде-кім өз ыңғайымен, өз жолымен жүріп қызмет етсе, ол өзіне де, әлеуметке де пайда келтіреді. «Өз орнында» қызмет істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болады. Қайғы сол: өз жолын тез тауып алатын адам сирек кездеседі. Адамның көбі ана жолға, мына жолға бір түсіп өмір бойы өз соқпағын таба алмай, сенделумен өтеді», - деп адам баласын жастайынан оның бойындағы кәсіби икемділігіне байланысты тәрбиелеп, оны оқыту мен еңбекке баулуда оның болашақ кәсіби бағдарын ескеріп кеңес берудің маңыздылығын айтады.

Мұндай жайттар қоғамның бүгінгі жағдайында ерекше байқалады. Әсіресе, мамандығын таңдап келген студенттердің өзі оқу үдерісінің барысында таңдаған мамандығына сай еместігін немесе қызығушылығы мен қабілетінің сәйкес келмейтінін байқап жатады. Тіпті, студенттер арасында оқып жүрген мамандығын игеру үшін емес, тек диплом алу үшін оқып жүргендерді де кездестіруге болады. Ондай студенттер мамандықты ата-аналары немесе құрбыларының таңдап, кеңес бергенін де жасырмайды.

Әйтсе де, мамандыққа түскен соң игеруді қызықтыра білу оқытушының міндеті болмақ. Осы тұста орыс педагогы В.А. Сухомлинскийдің ұлына жазған хатында: «Балам сабақты оқуда барлық пәндер көңіліңнен шыға бермеуі мүмкін. Әйтсе де, олар ертеңгі қызметінде қажет болғандықтан оқытылмақ. Сондықтан әу баста «қажет, бірақ қаламаймын» дейтіндей пәндерді бірте бірте күш салып түсіне бастасаң «Қажет, әрі қалаймын» деген жағдайға жеткізуге болады, - деп кеңес бергенін еске алсақ, бүгінгі күні де әрбір студенттің таңдап келген мамандығына біртіндеп қызығушылығын арттыра түсу қоғамға пайдалы маман иесі болуын қамтамасыз ететіні рас [2]. Сондықтан, мұғалім өзінің білімімен ғана емес, студенттермен қарым-қатынасымен және өзінің тұлғалық болмысымен де аудиторияға оң әсер ете білуі тиіс.

Мұндай пікірлер түріктің ұлы ғұламасы әл-Фараби еңбегінде де айтылған болатын. Онда ғұлама: «Ұстаз бен шәкірттің қарым-қатынасы тым қатал да, тым жұмсақ та болмауға тиіс», - деп айтуы педагог өз өнегесімен оқушыларына үлгі боларлықтай салмақты да қалыптан аспайтын шаманы ұстануын ескерткен еді [3]. Міне, қазақ зиялылары көзқарасы да өз заманына лайықты ұстаз мінезін сипаттауда идеялар сабақтастығымен көрініс тапқан.

Ж. Аймауытов бір іске олақ, ешнәрсеге икемсіз, бір істі бастап, аяқтамай тастап кететін де адамдардың болатынын айтады. Мұндайлар толық адам емес деп есептейді. Бұлар дауыстың өзі емес, жаңғырығы іспетті дейді. Бұлар қай ортаға кез келсе, сол ортаның жағдайына ыңғайланып жүре береді. Өз ойынан шығаратын өзіндік өнері мен көзқарасы болмайды. Адамның қабілеті, икемдігі жетілуге, я болмаса жетілмей кешігуге өзінен болмаған сыртқы шарттардың ықпалы бар. Бұл күнде адамның қызмет таңдауына сыртқы жағдайдың салмағы күшті, - деп қоғамның бүгінгі даму жағдайындағы жастардың өз қабілеттеріне емес, мамандықтың мәртебесі мен табысына қарай таңдауға ұмтылуын меңзегендей.

Шындығында да бүгінгі заманда көптеген жастар өз қабілеттері мен кәсіби икемділіктеріне қарап емес, мамандықтың мәртебесі мен ертеңгі қызметіне, қала берсе табысына қарап таңдайтын жағдайлар де кездеседі. Осы тұста Ж. Аймауытов мынадай да пікір білдіреді: «Әр адам әлеуметке мүше болғандықтан, әлеумет ісіне көмектес болуға міндетті. Көмектес болу үшін кәсіп таңдау керек. Бұл күнгі сот, дәрігерлік, педагог және т.б. оқитын жастардың көбісінің ойы әкімдік, комиссарлық. Олардың ішінде әкімдікке таланты бары да жоқ емес, бірақ өнері қысқаннан ұмтылып жүр деуге тым көп.

Ж. Аймауытов психология саласында да өзіндік пікірі мен ізін қалдырған ғалым. Оның «Психология» деп аталатын кітабында балалардың іс әрекетінде олардың психологиялық ерекшеліктері мен табиғи нышандарының маңызды орын иеленетінін айтады [4]. Сондықтан, жастардың мамандық таңдауында да олардың психологиялық ерекшеліктерін басшылыққа алуды кеңес береді. Онда адамда кездесетін төрт типті темперамент жастардың қызметін ұйымдастыруы мен атқаратын іс әрекеттерінде өзіндік тиімділігін берері анық деп біледі. Мысалы,

Сангвиник – еті тірі, қозғалғыш, тұрлаусыз, әсерленгіш, тез қызынып, тез суынғыш, жеңіл ойлы, бір беткей, ұзақ қызметке шыдамсыз болғандықтан, мұндай адамдар ұзақ уақыт бір орында тапжылмай отырып жұмыс істейтін және аса бір сабырлылық пен шыдамдылықты талап ететін мамандықтан жалығатын болады. Олардың таңдаған мамандықтары әр алуан әрекеттерді қамтитын және өз бағдарына байланысты қызығушылығымен де сәйкес келетін болғаны абзал деген пікірде болды.

Меланхолик – табанды, алған әсері көпке шейін басылмайды. Ол сангвиник тәрізді емес, оңашаны сүйеді, көпшілікті қаламайды; ол қиялдауға икем тұрады: бірақ сангвиник сықылды іске жігерсіз, қабілетсіз келеді. Меланхоликтер көп сезеді, көп қиялданады, аз істейді яки өзін сыртқа шығара алмайды. Олардың ақылынан да, қайратынан да сезімі басым болады. Мұндай адамды көбіне өзімен өзі отырып жұмыс істейтін әрекеттермен байланысты кәсіп таңдаған дұрыс болады. Тыныш жерде өз қызығушылығы бойынша тек өзіне ғана байланысты тірліктерді орындайтын мамандық қолайлы болады. Себебі, олар көпке кіре бермейді, көпшілік алдында өздерін қолайсыз сезінетін болғандықтан, олар көбіне басшы емес, орындаушылық қызметті ұнатады.

Холерик – тез қызады, іске икемді болады. Ісінде өте жігерлі, бірақ ашушаң. Мұндай темпераментті адамдар үнемі ұйымдастырушылықпен, жүгіріп жүріп, іс қимылдағы белсенді жұмыстармен байланысты мамандықты таңдағаны дұрыс болатынын айтады.

Флегматик – аса баяу қимылды адам. Ондай адамды еліктіру, қыздыру өте қиын. Іске қабілеті шамалы. Ондай адам бір қозғалып, іске кірісіп кетсе, сол бетінде бірталайға шейін табанды қызмет етеді. Оныкі өздігінен тауып алғандықтан емес, түскен бір жолында жұмыс

ете беруден туған қызмет. Жүріп келе жатқан жолын тастап, тыңнан жол тауып алуға ондай адам икемсіз болады.

Ж. Аймауытовтың кәсіп таңдауда ескерілуі тиіс мұндай психологиялық тұжырымы кейінгі ұрпақ психологтары зерттеулерінде мақұлданып, өз тұжырымын тапты [5; 6; 7].

Қазақ халқының бетке тұтар азаматтарының қай қайсысын алсаңыз да өз елінің өскенең ұрпақтарының болашағы мен тәрбиесіне үлкен мән беріп, шығармашылық мұраларында көзқарастары мен ұсыныстарын қалдырған. Солардың қатарында алаш қайраткері Мағжан Жұмабаевтың мұралары рухани-адамгершілік идеяларға толы. Ол өзінің қысқа ғана ғұмырында нағыз әмбебап зиялы қайраткер болды. Оның қаламынан көптеген әңгімелер мен мақалалар, оқу құралдары мен оқулықтар жарық көрді. Солардың қатарында оның тәлім-тәрбие ғылымының теориялық жағына үлкен үлес қосқан «Педагогика» деп аталатын еңбегінің мәні зор екендігін атап өткен жөн.

Бұл кітаптың мазмұнында М. Жұмабаев педагог маманның кәсіби қызметінде білуге тиісті және ескеруге міндетті талаптарды атап көрсетеді. Ол тәрбие ең алдымен отбасында бастау алатындығын ескере отырып, ата-аналарға арналған кеңестер береді. Әйтсе де, отбасы тәрбиесін жетілдіруде педагог маманның қызметі жоғары жауапкершілікті керек ететіндіктен барша ұсыныстарын мұғалім қызметімен байланыстырып, ұстазға қаратып баяндайды.

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» кітабын ұстаздың әлеуметтік ортадағы статусын айқындап беруден бастайды. Ол: «Алты алаштың перзенттерінің басын қосып, жайғастырып отырғызатын болсақ төргі орын мұғалімдікі болуға тиіс» деген пікірін айтып, мұғалім еңбегінің ұрпақ тәрбиелеудегі салмағын жоғары бағалайды [8].

М. Жұмабаев педагог маманның кәсіби қызметіндегі қолданар басты құралы сөйлеуі болғандықтан, оның сөз саптауы мен сөздік қорының бай да мағыналы, тартымды болуын басты назарда ұстайды. Қазақ халқының «Жылы-жылы сөйлесең, жылан іннен шығады» деген аталы сөзін ескерер болсақ, ұстаз да балалар көңіліне жол табу үшін жылы сөзі мен мейірімді қабағын пайдаланады [9]. Сөздік қорының бай болуы педагог қауымымен қоса бүкіл ұлтқа қажетті қасиет екенін ақын: «Ұлттың тілінің кеми бастауы – ұлттың құри бастағаны», - деген сөзі арқылы ұлт өкілдерін тәрбиелеп шығаратын педагог қауымның ең алдымен өздерінің сөзге шешен болуын қажет деп біледі. Ойын еркін, тартымды жеткізе білетін адам ғана балалар ортасында ой сала алады және балалар ойын дамытуға түрткі жасай алады. Сондықтан, ақынның көзқарасы бойынша педагог маманның ең бірінші кәсіби сапасы тіл байлығының бай да шешен болуы деп біледі.

М. Жұмабаевтың көзқарасы бойынша педагог маманның бойынан табылуға тиісті тағы бір кәсіби сапасы оның жақсы мінезінің болуы деп ұғатындығы. Оны мына бір айтқан сөзінен аңғарамыз: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы - мұғалім. Тәрбиенің табансыздығын сезсе, бала онымен сөйлесуден, тілін алудан қалады». Осылайша, ақын ұстаз мен оқушылардың қарым-қатынастағы мінез-құлқы тәрбиенің кілті екендігін меңзейді.

М. Жұмабаев тәрбиеде қоғам талаптарын ескере отырып, әлеуметтік ортаның ықпалы мен сұранысын ескеруді тәрбиешілердің естен шығармауын ұсынады. Өйткені, әрбір адам өз заманына лайықты болып қалыптасуы тиіс. Ол үшін ұстаздар қауымы мен ата-аналар осы қоғам сұранысын білуі және баланы қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіне сай етіп тәрбиелеуі қажет. Осы тұста ақын: «Әрбір ата-ана өз баласын дәл өзіндей етіп тәрбиелемеуі тиіс, өзінен де мықты етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені, балаларының заманы ата-аналар өмір сүріп отырған заманға қарағанда әлдеқайда талапшаң болмақ», - деп айтады. Шындығында да әрбір бала өз ата-анасынан асып түсуі тиіс, сонда ғана өз заманына лайықты өмір сүре алады. Осылайша М. Жұмабаев тәрбие мақсатын келер күн талабымен ұштастырғысы келеді. Оның туған халқының тәлім-тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдары да құптарлық.

Педагог қызметінің басты мақсатының оқушыларды тек білімді меңгеріп қана қоюмен шектелмейтіні, сонымен қатар адамгершілік сапаларды қалыптастыруды да міндеттейді.

Жасыратыны жоқ кейбір мектепте үздік оқыған балалардың арасынан кейде мектеп бітірген соң қоғамда өз орнын таба алмай қалған балалар да кездесіп жатады. М. Жұмабаев мектепті балаларға тек білім беруші мекеме емес, үлкен өмірге бағдарлаушы орын болуға тиіс деп санайды. Ғалым-педагог өзінің барлық еңбектерінде осыны басшылыққа алады. Бастауыш мектепті бүкіл білімнің алғашқы баспалдағы ретінде қарап, кейінгі сатылардағы алатын білімдерінің тиімділігі осы жылдардағы оқытуды ұйымдастырумен тікелей байланысты деп санайды. Ол мектептегі оқу мен білімнің еңбекпен ұштасуын қолдады, мектепте берілетін білімнің өмірге жақындау, үйлестіру жолы ретіндегі құндылығына назар аударды.

Ресей ғалымы Н. Щуркова педагог кәсібін таңдаушылар үшін пікірін былай білдірген болатын: «Бүкіл адамдарды педагогикалық кәсіп тұрғысынан алғанда педагог бола алатындар мен педагог бола алмайтындар деп бөлуге болады дейді. Адамға деген мейірімділігі мен жанашырлығы бойынан табылған адамдар педагог мамандығын таңдаса, онда жақсы ұстаздыққа жете алады, ал адамға деген жанашырлық болмаған адамдар педагогикалық қызметті атқаруы мүмкін, алайда балалар бойында адамгершілік сезімді ұялата алмақ емес», - деген [10]. Олай болса, педагогикалық мамандықты таңдау алдында олардың темпераментін, адами сапаларын, қызығушылық бағыттары мен икемділік қасиеттерін ескеру немесе әртүрлі әдістер арқылы айқындау болашақ мамандар даярлау жүйесінде жоғары сапаға алып келмек.


Зерттеу әдістері

Біз, бүгінгі күні жоғарыда кәсіп таңдауда құнды ұсыныстар берген зиялылар көзқарасының өміршеңдігін анықтау мақсатында кәсіп таңдап, бүгінде сол салада білім алып жүрген студенттерден сауалнамалар алдық. Сауалнамаға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 150 педагогикалық мамандықта оқып жатқан студенттері қатысты. Онда мынадай сұрақтарды бере отырып, олардың кәсіп таңдауда қателеспегендігіне көз жеткізгіміз келген болатын. Сұрақтар төмендегідей болды:

1. Осы кәсіпті таңдауға қалай келдіңіз?
2. Осы мамандықты таңдауға не ықпал етті?
3. Мамандық таңдауда кімнің кеңесі Сіз үшін маңызды болды?
4. Оқуды бітірген соң басқа да мамандықты игеру ниетіңіз бар ма?
5. Мамандығыңызға адами қасиеттеріңіз бен қабілеттеріңіз сәйкес келе ме?
6. Табиғатыңызға негізі қандай әрекет жақын деп ойлайсыз?
7. Таңдаған мамандығыңызда сіздің қабілетіңіз бен мінезіңізге сай келе бермейтін қандай қолайсыздықтар бар деп ойлайсыз?

Талдау мен нәтижелер

Сауалнама нәтижесін төмендегі диаграммалармен көрсеттік:



1-диаграмма

Сауалнамаға қатысқандардың 42%-ы мамандықты қалап келгендігін айтса, 34%-ы мамандық таңдауда ата-аналарының кеңестеріне құлақ түріп, келіскендігін айтқан. 24%-ы бұл мамандыққа кездейсоқ келгендігін жасырмаған.

Мамандықты таңдау студенттерді несімен қызықтырғанын білу үшін алынған сұраққа студенттердің жауаптары төмендегідей көрсеткіштерді берді:



2-диаграмма

Сұралғандардың 47%-ы таңдалған кәсіптің өз қабілеттері мен біліміне сәйкес келетінін айтқан. Осы мамандық өзіне лайықты деп санаған екен. Ал, 45% студенттер мамандықты қоғамдағы мәртебесіне, жалақысына, сұранысына қарай таңдағандығын айтады. Мұнда олар өздерінің қабілет-қарымы сол таңдаған мамандыққа қаншалықты сай келетінін ескермеген.

Келесі сұрақ мамандық таңдауда кімдердің кеңестері маңызды, шешуші рөлді ойнағандығын білу болды. Мұнда студенттердің басым бөлігінің өз қабілеттері мен қызығушылығына арқа сүйегенін көруге болады (40,50%). Екінші орында ата-аналарын тыңдаған (36,60%). Олардың кеңестері кәсіп таңдауда маңызды болғандығын көруге болады. Үшінші орында талапкердің арманы мен қалауы маңызды рөл ойнаған (20,30%). Әйтсе де, бұл оның мамандықты дұрыс таңдады дегені емес. Өз қабілеті мен мүмкіндігінен тыс қызығушылығы мен арманы басты рөлді атқарған. Достарының көзқарастары мен таңдауы да балалардың кәсіп таңдауына ықпал еткендігін байқауға болады (2%). Сұралғандардың ішінде ең аз көрсеткіш психолог кеңесіне жүгінгендер болған (0,70%).



3-диаграмма

Жоғары оқу орнында оқып жүрген студенттердің басым бөлігі мамандықтан кейін осы мамандықты ары қарай жетілдірудің орнына басқа мамандықты игеруді қалаған. Ол туралы көрсеткіштерді келесі диаграммадан көруге болады:




4-диаграмма

Сауалнамаға қатысқан студенттердің 64%-ы оқуын бітірген соң алдағы уақытта басқа мамандыққа бейімделуді қажетсінгендер болды. Тек 18%-ы ғана осы мамандықтарын өзгертпейтінін, жалғастырып дамытатынын айтқан. Ал қалған 18%-ы уақыт еншісіне қалдырып, нақтылы жауап беруге қиналғандар болды.



5-диаграмма

Өзіңіз таңдаған мамандық иесі болуға тұлғалық сапаларыңыз бен адами қасиеттеріңіз сәйкес келе ме деген сұраққа 62%-ы өздерін лайықты көретінін айтқан. Әйтсе де, 33% студенттер оқу барысында кәсіби қалыптасуға үміттенетінін жасырмаған. 5%-ы мамандықты игеруде тұлғалық сәйкессіздіктің барын айтып уақыт еншісіне алдырып отырғанын айтқан.



6-диаграмма

«Табиғатыңызға негізі қандай әрекет жақын деп ойлайсыз?» деген сұраққа жауаптар студенттердің арасында әртүрлі темпераменттің болғанын көрсетті.



7-диаграмма

«Таңдаған мамандығыңызда сіздің қабілетіңіз бен мінезіңізге сай келмейтін қандай қолайсыздықтар бар деп ойлайсыз?» деген сұрақ бойынша студенттердің 26%-ы өздерінің қарым-қатынасқа түсуде қиындық көретінін айтса, 22%-ы шыдамдылық танытып қимылсыз отыру, құжаттамен жұмыс пен жазу әрекеттерінен жалығатынын, ал, 20%-ы қабілетінің жеткіліксіздігін, 18%-ы белсенді жұмыстар шаршатанынын айтқан.

Қорытынды

Жоғарыдағы студенттердің сауалнамаға берген жауаптарын қорыта келе, қазақ зиялылары мұраларындағы кәсіп таңдау мен мамандыққа бейімделу мәселелерінің бүгінгі күнге дейін өзектілігі сақталғанын көруге болады. Сондықтан, мамандыққа қабылдауда іріктеу тесттері мен сұқбаттар өткізу олардың мамандықты дұрыс таңдап келуін анықтаудың бір шарты болмақ. Сонымен қатар, мектеп оқушыларының болашақ кәсіптерін таңдауында қазақ зиялылары мұраларындағы кеңестерін ескеру де олардың болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауына жол ашатын болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы / Құрастырған Н. Қуантаев. – Алматы: «Ел шежіре» баспасы, 2013. Т 2. – 384 б.
2. Сухомлинский В.А. Сборник сочинений. – М.: Педагогика, 1984. – 353 с.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттары. – Алматы: Ғылым, 1975. – 305 б.
4. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 235 б.
5. Психологическое сопровождение выбора профессии / Под ред. Л.М. Митиной. – Минск: Флинта, 2010. – 514 с.
6. Гайнутдинова И.Р. Особенности профессионального самоопределения современных старшеклассников / Страховские чтения. – 2020. – Вып.28. – С. 51–55.
7. Атемова Қ.Т. Ж. Аймауытов мұраларындағы педагог маманның кәсіби тұлғасы туралы көзқарастары / «Басекеге қабілетті маманның әлемдік және ұлттық кәсіби келбетін қалыптастыру» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Түркістан, 2016. 22–23 сәуір. – Б. 39–41.
8. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
9. Қазақ мақал-мәтелдері / Құрастырған Ж. Малайсарин. – Алматы: Рауан, 2020. – 190 б.
10. Щуркова Н.Е. Речь педагога. – М.: ИТРК, 2019. – 114 с.

REFERENCES

1. Aimauytov J. Alty tomdyq shygarmalar jinagy [Collection of works in six volumes] / Qurastyrgan N. Quantaev. – Almaty: «El shejire» baspasy, 2013. T 2. – 384 b. [in Kazakh]
2. Suhomlinski V.A. Sbornik sochineni [Collection of works]. – M.: Pedagogika, 1984. – 353 s. [in Russian]
3. Al-Farabi. Aleumettik etikalyq traktattary [Treatises on social ethics]. – Almaty: Gylym, 1975. – 305 b. [in Kazakh]
4. Aimauytov J. Psihologiiia [Psychology]. – Almaty, Ana tili, 1995. – 235 b. [in Kazakh]
5. Psihologicheskoe soprovojdene vybora professii [Psychological support of the choice of profession] / Pod red. L.M. Mitinoi. – Minsk: Flinta, 2010. – 514 s. [in Russian]
6. Gainutdinova I.R. Osobennosti professionalnogo samoopredeleniia sovremennyh starsheklassnikov [Features of professional self-determination of modern high school students] / Strahovskie chteniia. – 2020. – Vyp.28. – S. 51–55. [in Russian]
7. Atemova Q.T. J. Aimauytov muralaryndagy pedagog mamannyn kasibi tulgasy turaly kozqarastary [Views of the teacher on the professional personality in the heritage of aimautov] / «Basekege qabiletti mamannyn alemdik jane ulttyq kasibi kelbetin qalyptastyru» atty Halyqaralyq gylymi-praktikalyq konferenciia materialdary. –Turkistan, 2016. 22–23 sauir. – B. 39–41. [in Kazakh]
8. Jumabaev M. Pedagogika [Pedagogy]. – Almaty: Ana tili, 1992. – 160 b. [in Kazakh]
9. Qazaq maqal-matelderi [Kazakh proverbs and sayings] / Qurastyrgan J. Malaisarin. – Almaty: Rauan, 2020. – 190 b. [in Kazakh]
10. Shurkova N.E. Rech pedagoga [Teacher's speech]. – M.: ITRK, 2019. – 114 s. [in Russian]